**«Бекітемін»**
**«Ақтөбе облысының білім басқармасы**
**Мұғалжар аудандық білім бөлімі» ММ**
**«Ақсу негізгі орта мектебі» КММ**
**басшысы М.И. Есеева**

**«Ақсу негізгі орта мектебі» КММ бойынша «Ұшқыр ой алаңы» дебаттық қозғалысын жүзеге асыру бойынша 2023 жылға арналған мектепішілік іс-шаралар**

**ЖОСПАРЫ**

| № | Іс-шараның атауы | Орындалу мерзімі | Аяқтау нысаны | Орындауға жауаптылар | Қаржыландыру |
|---|---|---|---|---|---|
| | **І. Ұйымдастырушылық шаралар** | | | | |
| 1 | «Ұшқыр ой алаңы» дебаттық клубын құру және білім алушыларды қамту | 5 қаңтарға дейін | Әлеуметтік желілерге ақпарат | Р.Н Айтекенова | Талап етілмейді |
| 2 | Дебат клубының іс-шаралар жоспарын құру, бекіту | 15 қаңтарға дейін | Іс – шаралар жоспарын бекіту | Р.Н. Айтекенова | Талап етілмейді |
| 3 | Дебаттық қозғалыс туралы насихаттау жұмыстары | Жыл бойы | Әлеуметтік желілерде материалдар жариялау | Р.Н. Айтекенова | Талап етілмейді |
| 4 | Дебат клубына мүше оқушылардың базасын қалыптастыру | Қаңтар | Әлекметтік желілерге ақпарат | Р.Н. Айтекенова | Талап етілмейді |
| | **ІІ. Әдістемелік және тақырыптық шаралар** | | | | |
| 5 | «Дәстүр: кеше, бүгін, ертең» | 27 қаңтар | Мектепішілік пікірсайыс өткізу. Әлеуметтік желілерге жариялау | Р.Н. Айтекенова | Талап етілмейді |
| 6 | «Мәдени мұраларымызды дұрыс насихаттап жүрміз бе?» | 10 ақпан | Диалогтық алаң Инстаграмм парақшасына жариялау | Р.Н. Айтекенова | Талап етілмейді |
| 7 | «Имандылық – инабаттылық айнасы ма?» | 24 ақпан | Пікірсайыс Әлеуметтік желілерге | Р.Н. Айтекенова | Талап етілмейді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | жариялау | | |
| 8 | «Көптілділік – халықтар достығының негізі ме?» | 10 раурыз | Пікіралмасу Әлеуметтік желілерге жариялау | Р.Н. Айтекенова | Талап етілмейді |
| 9 | «Мамандық – өмір таңдауы ма?» | 7 сәуір | Пікірталас Инстаграмм желісіне жариялау | Р.Н. Айтекенова | Талап етілмейді |
| 10 | Көшбасшы. Ол кім? | 21 сәуір | Ойталқы Әлеуметтік желілерге жариялау | Р.Н. Айтекенова | Талап етілмейді |
| 11 | Ұлттық бірыңғай тест – білім сапасының негізі болады ма? | 5 мамыр | Ойталқы Әлеуметтік желілерге жариялау | Р.Н. Айтекенова | Талап етілмейді |
| 12 | «Тіршілік көзі  - салауатты болашақ» | 14 мамыр | Дөңгелек үстел Әлеуметтік желілерге жариялау | Р.Н. Айтекенова | Талап етілмейді |
| 13 | Ел боамын десең – бесігіңді түзе | 14 қыркүйек | Пікірталас Әлеуметтік желілерге жариялау | Р.Н. Айтекенова | Талап етілмейді |
| 14 | Тіл –ұлттың жаны | 22 қыркүйек | Ойталқы Әлеуметтік желілерге жариялау | Р.Н. Айтекенова | Талап етілмейді |
| 15 | Кітап оқу: даналық па, даралық па? | 12 қазан | Пікірталас Әлеуметтік желілерге жариялау | Р.Н. Айтекенова | Талап етілмейді |
| 16 | Салт – дәстүрімізді дәріптейік | 22 қазан | Дөңгелек үстел Әлеуметтік желілерге жариялау | Р.Н. Айтекенова | Талап етілмейді |
| 17 | Адамгершілік және адалдық | 19 қараша | Пікірталас Әлеуметтік желілерге жариялау | Р.Н. Айтекенова | Талап етілмейді |
| 18 | Тәуелсіздік тәуекелдері: кеше, бүгін, ертең | 14 желтоқсан | Сараптамалық пікірталас | Р.Н. Айтекенова | Талап етілмейді |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | Әлеуметтік желілерге жариялау | | |
| 19 | «Ең үздік көшбасшы» | 22 желтоқсан | Көшбасшыны анықтау, әлеуметтік желіге жариялау | Р.Н. Айтекенова | Талап етілмейді |

Орындаған: Р.Н. Айтекенова

**Ақсу негізгі орта мектебі КММ 2022-2023 оқу жылы «Ұшқыр ой» дебат клубының аткарылған жарты жылдық жұмысының есебі**

Аталған мектепте «Ұшқыр ой» әлеуметтік жобасын жүзеге асыру мақсатында «Ұшқыр ой алаңы» дебат клубы құрылып, жетекшісі тарих пәні мұғалімі Тайборин Дархан Әлімұлы болып тағайындалып, жылдық жоспары бекітілді.

Мақсаты: Заман талабының сұранысына санасы жетік, адами құндылықты жанына серік еткен, айналасына сын көзбен қарап, қоғамдық өмірге белсене араласатын жастардың жаңа буынын қалыптастыру.

Оқушылардың шығармашылық қабілеттерінің айқындалуына мүмкіндік беру. Шешендік өнер және жұрт алдында сөйлеу мәдениеті қалыптасқан талантты жастарды анықтау. Талантты жастарды ынталандыру. Мектеп оқушылары арасында пікір-сайыстың деңгейін көтеру. Мектеп оқушыларының сын тұрғысынан ойлауын дамыту.

Дебат клубының құрамына 7-9 класс аралығындағы 14 оқушы қамтылды.

Дебаттық қозғалысы туралы түсіндіру- насихат жұмысы жүргізілді.

Қыркүйек айында «Тіл –ұлттың жаны» тақырыбында ойталқы өтті.

Мақсаты: тыңдаушылардың білімге деген құштарлықтарын арттыру, сөздік қорын молайту, өз ойларын дұрыс жеткізуге дағдыландыру;

«Ақыл-ой, алғыр сөз адамның ең жоғарғы қасиеті» деген екен Ғ.Мүсірепов. Сондықтан да қазіргі заман талабына сай бірнеше тілді білу қажет. Қазақтан шыққан өткір ойлы, жан-жақты ғұлама ғалым, тарихшы, әдебиетші, саяхатшы Ш.Уәлиханов 8 тілде еркін сөйлеген. Ойталқыға қатысушылар да өздерінің үш тілді меңгергендерін ортаға салды.

Қазан айында Кітап оқу: даналық па, даралық па? Тақырыбында пікірсайыс өтті. Мақсаты: балалардың кітап оқуға деген қызығушылығын арттыру, оқу мәдениетін қалыптастыру.

Қараша айында «Адамгершілік және адалдық» тақырыбында пікірталас өтті. Максаты: Оқушыларды әртүрлі адамгершілік қасиеттермен таныстыру. Оқушыларға мейірімділік пен қатігездікті айыра білуге, жақсы қылықтарды үйренуге, жаман қылықтардан аулақ болуға үйрету.

Пікірталас барысында оқушылар адам бойындағы жағымды, жағымсыз қылықтар туралы өз ойларын ортаға салды.

Желтоқсан айында «Тәуелсіздік тәуекелдері: кеше,бүгін, ертең» тақырыбында сараптамалық пікірталас өтті. Мақсаты: оқушыларды қазақ халқының тәуелсіздік жолындағы ерлік күресімен, қол жеткен жетістіктерімен таныстыру. Қаншама құрбандықпен қол жеткен тәуелсіздігімізді құрметтей, қастерлей білуге тәрбиелеу. «Сөйле тілім жасқанбай» бағыты бойынша оқушылар өз пікірлерін ортаға салды.

Қаңтар айында «Дәстүр: кеше, бүгін, ертең» тақырыбында пікірсайыс өткізілді. Мақсаты: Оқушыларды ата-бабаларымыздың дүниетанымын қастерлеуге, дәстүрімізді дәріптеп, салтымызды сыйлауға үйрету, мектеп пен ата-ана арасындағы байланысты нығайту, үлкенді сыйлауға құрметтеуге, тәрбиелеу. Оқушылар қазақтың дәстүрлері жайында ойларын ортаға салды.

Ақпан айында «Мәдени мұраларымызды дұрыс насихаттап жүрміз бе?» тақырыбында диалогтық алаң ұйымдастырылды. Мақсаты: мәдени мұралар арқылы бала бойына рухани-адамгершілік құндылықтарды қалыптастыру. Диалог алаңында оқушылар тарихи ескерткіш мұралары, халық ауыз әдебиеті және ұлттық ойындар, ұлттық салт-дәстүр, әдет-ғұрып туралы пікірлерін ортаға салды.

Наурыз айында «Көптілділік –халықтар достығының негізі ме?» тақырыбында пікіралмасу өтті. Мақсаты: оқушыларға өз тілінен басқа да өзге тілдерден де теориялық білімдерін ,тіл жайлы ұғымдарын тереңдету, өзге тілді құрметтеуге тәрбиелеу.

Көптілділік мәселесі – Қазақстан үшін ғана емес, бүкіл әлемнің алдында тұрған көкейтесті мәселелердің бірі, себебі, жаһандандыру және киберкеңестікке шыққан заман тілдерді білуді талап ететіндігі жөнінде ойларын ортаға салды.

Сәуір айында «Мамандық –өмір таңдауы ма?» тақырыбында пікірталас өтті. Мақсаты: қоғамның қажеттілігіне қарай әрбір оқушының қабілеттілігі мен бейімділігін ескере отырып, кәсіптік қызығуы мен қабілеттілігін қалыптастыруға. Оқушылар көпшілік мамандықтар туралы түсініктерін айтты. Ата-аналар мамандықтардың қиын да қызықты сәттерімен бөлісіп, оқушылар қойған сауалдарға жауап берді. Оқушыларда өз ойларын ортаға салып, қандай мамандық иесі болғысы келетіндіктерімен бөлісті.

Мамыр айында «Тіршілік көзі-салауатты болашақ» атты дөңгелек үстел өтті. Мақсаты: Салауатты өмір салтын ұстанатын, мықты денсаулықты, болашағы жарқын ұрпақ болу үшін денсаулықты сақтаудың қырларын білуге үйрену. Оқушылар «Денсаулық-зор байлық» тақырыбында бейне көрсетілім көрді. Дене шынықтырудың адам ағзасы үшін маңызы туралы сұрақ-жауап қойылды.

**Мектеп директоры: М.И.Есеева**